

егемен Қазақстан

Ақиқаттың алдаспаны



Шерағаң – шарболаттай шамырқанып сөйлегенде шындықтың шырақшысына, ақиқаттың алдаспанына айналған қазақ баспасөзінің бас баһадүрі, сайыпқыран сардары Шерхан Мұртаза ағамыз бақилық болғалы да қырық күн өтіпті. Қырық күн бұрын қайран Шерағаң өзі айтқан «бір кем дүниеден» озып, ғапылдан ғайыпқа, пәниден бақиға – Айша анасы мен Тұрар көкесі мекен еткен мәңгілік ғарышқа сапар шеге барды. Сол күні халық қадірлі қайраткер қаламгерімен қимай қоштасты. Ақбас Алатау мен ару Алматы елмен бірге егіліп тұрды...

Қылшылдаған жиырма-жиырма бестерінде жасындай жарқылдаған, отызында орда бұзған, қырқында қамал алған, елуінде халқының арқасүйер Ері болып, алпысында ақылман Абызына айналған Шерағанның ұлттың ұлы мұраты жолында намыс найзағайын шатырлатпаған кезі сірә жоқ шығар. Заңғар жазушылығын былай қойғанда, Шерхан Мұртаза есімі тәуелсіздікке дейінгі және кейінгі қазақ баспасөзінің жарты ғасырдан астам дерлік тұтас дәуірін айшықтайтын тұғырлы тұлғасы. Осы жылдар ішінде Шерағанның шекпенінен шыққан жазушы-журналистердің толқын-толқын қосыны жасақталды, олардың арасында Фариза Оңғарсынова, Ақселеу Сейдімбек, Оралхан Бөкей сынды көрнекті шоғыры ұлт руханиятының айтулы тұлғалары дәрежесіне жетті. Шерағанның шекпенінен шығу қазақ журналистері үшін бақыт, мақтаныш. Ал «Шерағанның шекпенінен шыққан» деген сөз орыс әдебиетінің алтын ғасырындағы Ф.Достоевский айтқан: «Бәріміз Гогольдің «Шинелінен» шыққанбыз» дейтін әйгілі афоризмімен бірдей қазақ қанатты сөздерінің алтын сандығын нұрландырады.

Бізге Шерхан Мұртаза ағамыздың тәуелсіздіктің елең-алаң арай таңындағы алмағайып өтпелі кезеңде Отанымыздың бас газетінің бағытын айқындап, басында тұрған жылдардағы кәтепті қаранар қызметі айрықша қымбат. Ол басқарған жылдар газетке үлкен серпіліс әкелді. Жолбарыс жүректі, абыз тілекті, балуан білекті Шераған осы кезде егемендікке біржола бет бұрған елдік саясаттың батагөй ұраншысы болғаны анық. Кеңестік кердең саясаттың кетеуі кете қоймаған социалистік қоғамда тұрып-ақ бұл социализмнің ниеті түзу болғанымен, халық сенімін ақтамағанын газет бетінде алғаш айғайлатып ашық айтқан да Шерхан Мұртаза. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен елдігіміз бен бірлігіміз, тәуелсіздік мұраттары, егемен елдің басқа да сан қилы мәселелері хақында кең көлемді, темірқазық мақсатты айқындар мағыналы сұхбаттар жасап ұйымдастырудың, Мемлекет басшысының шетелдердегі алғашқы сапарларын келісті көрсетудің бұрын болмаған керемет үлгі-үрдістерін бастап берген де Шерхан аға. Сол сапарларда шеттегі қандастарымыз жайлы айтқан да, олардың атамекенге деген шерлі сағынышын алғаш жеткізген де айкөл Шераған.

Бүгінде Шерхан Мұртазаның «редакторлардың редакторы» деп аталуы өте әділ баға! Ол шын мәніндегі халық сүйіп оқитын оқылымды, батыл идеялы, өзі сияқты баһадүр газет жасаудың хас шебері болды. Редактор ретіндегі басты ерліктерінің бірі – социалистік қоғамның сірескен мұзы әлі жібімеген кезде «Социалистік Қазақстан» газетінің атауын бар қажыр-қайратын жұмсай отырып, «Егеменді Қазақстан» деп ауыстыруы дер едік. Бұл 1991 жылдың 18 маусымы болатын. Содан бері ел газеті «Егемен» де ақиқаттың, әділеттің ақ жолынан адаспай, ұлттың мүдде-мұратын ұлықтаумен келеді.

Алаш арыстарының жолын жалғастырған Шерағанның өміршең өнегесі бізге абыройлы аманат, сондықтан ол еліміздің жүзжылдық жылнамасымен бірге жасай береді...

Рухыңыз пейіште шалқысын, алдаспан аға...

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ